

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 7 шілдедегі N 1065

Қазақстан Республикасының әскери соттарына басшылықты жақсарту және олардың жұмыстарының сапасын көтеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің орталық аппаратының саны Әскери соттар басқармасы аппаратының санын қысқарту есебінен 14 адамға көбейтілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тиісті шығыс сметасын әскери соттардың шығыс сметасын азайту есебінен көбейтсін.

3. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 450 P970450_ қаулысына мынадай өзгерту енгізілсін:

2-тармақтағы "136" деген сан "150" деген санмен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі